

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2025 жылғы 4 ақпандағы № 27/1 "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 36/3 шешімі

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы шешімнің 2-тармағымен.

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы" 2025 жылғы 4 ақпандағы № 27/1 Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге 2-қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының
төрағасы

Қ. Жанғожинов

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының
2025 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 36/3 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының
2025 жылғы 4 ақпандағы
№ 27/1 шешіміне
2-қосымша

А (басқарушы персонал), С (әкімшілік персонал), D (көмекші персонал) блоктарына жататын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылары

№ р/н	(атауы)	Лауазымдық айлыққа үстемеақы
1	2	3
1.	Директор	50%
2.	Есепші	50%
3.	Әдіскер	50%
4.	Көшіру-көбейту машиналарының операторы	30%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК